



БЕКІТЕМІН  
Облыстық білім беруді  
дамыту оқу-әдістемелік  
орталығының директоры  
А. Қабдулова

2021 жыл

## Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жас мамандарына арналған «Күй анасы - Дина» атты челлендж ұйымдастыру және өткізу ережесі

### 1. Жалпы ережелер

Осы Ереже «Күй анасы - Дина» атты челлендж ұйымдастыру және өткізу тәртібі мен шарттарын реттейді.

Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы «Серпін» жас мамандар ассоциациясының жұмыс жоспары аясында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының жас мамандары арасында «Күй анасы - Дина» атты Дина Нұрпейісованың 160 жасқа толуына орай челлендж ұйымдастырады.

### 2. Челлендждің мақсаты мен міндеттері

2.1. Д.Нұрпейісованың әсем күйлерін жастар арасында дәріптеу, шығармаларын насихаттау;

2.2. Жас мамандардың күйге деген құштарлығын арттыру.

### 3. Челленджді рәсімдеу талаптары мен шарттары

- қатысушы өзі жайында толық ақпаратпен таныстыру;
- орындалатын туындының шығу тарихын айту;
- қатысушының дауысы, анық, дикциясы мәнерлі болу;
- күйден алынған үзіндіні нақышына келтіріп орындау.

*Бейнежазбалар форматы мен пішімі:*

- рұқсат етілген пішім: MP4, MOV;
- бір файлдың өлшемі-200 Mb артық емес;
- бейнежазбаның ұзақтығы - 2 минуттан аспайды.

### 4. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі

4.1 Челленджді облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырып, өткізеді.

4.2 Челлендж бейнежазбасы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының электронды почтасына [tal.metodtipo@mail.ru](mailto:tal.metodtipo@mail.ru) көрсетілген мерзімге сәйкес жіберіледі.

4.3 Челленджді жолдау мерзімі: **а.ж. 01 – 31 қазан** аралығы.

4.4 Челлендж бейнежазбасы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының Facebook әлеуметтік желісі

(<https://www.facebook.com/100034054873372/posts/373724387106054/>), Білім

беруді дамыту оқу - әдістемелік орталығының YouTube каналы

([https://www.youtube.com/channel/UC-EbFWv-](https://www.youtube.com/channel/UC-EbFWv-MqReZ5WSh4e8exg?view_as=subscriber)

[MqReZ5WSh4e8exg?view\\_as=subscriber](https://www.youtube.com/channel/UC-EbFWv-MqReZ5WSh4e8exg?view_as=subscriber)),

учебно\_методически\_sentr инстаграмм парақшасында жарияланады.